

"Спорт саласында маманданатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мемлекеттік мекемесінің қызметтерді көрсету және осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 18 шілдедегі № 363 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 654 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 қыркүйекте № 19325 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 15 шілдедегі № 828 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 15.07.2025 № 828 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Спорт саласында маманданатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мемлекеттік мекемесінің қызметтерді көрсету және осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 18 шілдедегі № 363 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15555 болып тіркелген, 2017 жылғы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт саласында маманданатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мемлекеттік мекемесінің қызметтерді көрсету және осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін ақшаны пайдалану қағидаларында:

3-тармақтың 4) тармақшасы: "спортшылар мен жаттықтырушыларды кейіннен олардың өзге де дене шынықтыру-спорттық ұйымдарға ауысуы жағдайларын іске асыра отырып, оларды даярлау жөніндегі қызметтерді;" деп жазылып, мынадай мазмұндағы 5), 6), 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) санаториялық-курорттық қызмет және медициналық оңалту жөніндегі қызметтерді;

6) мекемеде өткізілетін әртүрлі іс-шараларға қатысушыларды тамақтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді;

7) қонақүй қызметтерін көрсетеді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ақылы көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін қаражат:

- 1) жабдықты және құралдарды (оның ішінде жиһаз) сатып алуға;
- 2) спорттық іс-шаралардың жүлдегерлері мен қатысушыларына жүлделер, естелік сыйлықтар, грамоталар сатып алуға және ақшалай сыйақыларға;
- 3) спортшылардың тамақтануы, оларға тұрмыстық және мәдени қызмет көрсету жөніндегі шығыстарды жабуға;
- 4) асханаларды ұстауға (жалақы, тамақ өнімдерін сатып алу, жабдық пен құралдарды сатып алу, күрделі жөндеу және басқа да шығыстар);
- 5) спорт алаңдарын салуға;
- 6) сауықтыру іс-шараларына;
- 7) жарысқа қатысушыларды тамақтандыру, арбитрлардың (төрешілердің) және медицина жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды жабуға;
- 8) ақылы қызметтерін көрсететін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге;
- 9) спорттық іс-шараларға қатысқаны үшін жарналарға;
- 10) банк қызметтерін төлеуге;
- 11) ынталандыру сипатындағы қосымша ақыларды, үстемеақыларды, сыйлықақыларды және басқа да төлемдерді белгілеуге;
- 12) заттай мүлік заттарын, спорттық және арнайы киім-кешекті сатып алуға, тігуге және жөндеуге;
- 13) жылу, электр энергиясы, сумен жабдықтау үшін ақы төлеуге арналған шығыстарға және басқа да коммуналдық шығыстарға, ағымдағы және шаруашылық мақсаттар үшін заттар мен материалдарды сатып алуға, ғимаратқа қызмет көрсету бойынша ақы төлеуге, көліктік қызметтерге ақы төлеуге және тауарларды сатып алуға арналған өзге де шығыстарға;
- 14) ғимараттар мен үй-жайларды реконструкциялауға және күрделі жөндеуге;
- 15) спортшылардың және құрама командалардың оқу-жаттықтыру процесін фармакологиялық қамтамасыз етуге;
- 16) іссапар шығыстарына жұмсалады."

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Спорт комитеті - Армия орталық спорт клубы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан

Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі генерал-майор*

Н. Ермекбаев